

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ жылғы « \_\_ » \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента

« \_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2025 жылғы 16 сәуірде жарияланды

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрінің  
орынбасары - Ұлттық  
экономика министрі  
С.М. Жұманғаринге

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

**Құрметті Серік Мақашұлы!**

Былырғы жыл фермерлер үшін оңай болмады астықтың бағасы түсіп кетті, қант қызылшасының өнімін зауыттар өңдей алмай, едәуір көлемі шіріп, далада қалды, субсидиялар толық көлемде төленбеді, несие жеткілікті мөлшерде берілмеді.

Үкімет тиісті мемлекеттік қолдау шараларын іске асырғанымен, ол шаралар жеткіліксіз болды, кейбір облыс әкімдіктері өздерінің тиісті ұйымдастыру жұмыстарын дұрыс жүргізе алмады.

Осы орайда, Үкіметтің мына негізгі мәселелерге назарын аударғым келеді:

**Бірінші.**

Былыр өткен бірінші Агрофорумда фермерлерден тікелей астық сатып алуға 10 млрд. теңге бөлінеді деп уәде етілді, алайда сол ақша ақыры бөлінбеді. Себебі қандай?

**Екінші.** Фермерлердің көктемгі дала жұмыстарын уақтылы жүргізуге форварттық сатып алу үшін Азық-түлік келсім шарт корпорациясына бюджетте қарастырылған 30 млрд теңге қаражатты бөлу неге шешілмеуде?

**Үшінші.** Арзандатылған дизель отынымен қамтамасыз етуде біз өңірлік операторлардың делдалдық қызметтерінсіз тиісті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау арқылы фермерлер сатып алатын отынды тікелей субсидиялауды дұрыс деп табамыз!

**Төртінші.** Фермерлерді айналым қаражатымен қамтамасыз ету мақсатында биыл «Кең дала» бағдарламасы бойынша дала жұмыстарын қаржыландыруға 700 млрд. теңге бөлу жоспарланған, ал іс жүзінде бүгінгі күнде 235 млрд. теңге ғана бөлінген (34%), тіпті кейбір облыстарда қаражат мүлдем бөлінбеген. (Мысалы,

*Павлодар облысында «Кең Дала-1» бағдарламасы аясында қажетті 2 млрд. теңгенің тек 300 млн. теңгесі ғана бөлінген (15%), ал «Кең Дала-2» бағдарламасы бойынша қаражат бөлу туралы шешім әлі қабылданбаған. Дәл осындай жағдай Қарағанды облысында орын алып отыр. Бұл өңірдің де фермерлері несие қаражатын әлі алған жоқ.)*

2025 жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жалпы сомасы 50 млрд. теңгеге жоспарланып, олда бөлінбей жатыр.

**Бесінші.** «Кең дала-2» бағдарламасы арқылы фермерлер 22%-бен несие алды, оның сыйақы мөлшерлемесінің 6%-ын фермер өзі төлеп, 16% Үкімет төлейтін субсидияға қол жеткізе алмай отыр. Бұл фермерлер үшін орасан шығын және соның кесірінен қаржылық қиындықтарға тап болуда.

Осы орайда, бұл қаражат түбі мемлекет бюджетіне қайта түсетін болғандықтан, неге фермерлердің басын ауыртпай бірден мемлекет пен аталған бағдарламалар операторлары өзара есептеспейді?

Ауыл шаруашылығы министрлігі ақпараты бойынша бүгінде субсидияға фермерлерге қарызы 285,6 млрд теңгені құрайды. Алайда, субсидия бойынша қарыздар, қашан толығымен жабылатынын нақтылап ешкім айта алмайды.

Бір қызығы, фермерге уақытылы субсидиясын бермегені үшін ешқандай мемлекеттік орган жауапкершілік алмайды, ал фермер несиесін уақытылы қайтармаса, әр кешіктірілген күн үшін пеня төлейді. Бұл қалай? Бұл не деген әділетсіздік?

**Алтыншы.** Қазіргі уақытта фермерлер несиелік серіктестіктер арқылы несие алған кезде осы серіктестіктің мүшелері арасында бірлескен жауапкершілік деген ұғым бар, яғни бір фермер несиесін қайтара алмаса, серіктестіктің қалған мүшелері барлығы жауапты. Осы бірлескен жауапкершілік деген талаптың кесірінен көптеген шаруалар несие ала алмай және сол серіктестіктен шыға алмай жүр, ал кейбіреуінің мүлкі тіпті басқаларының қарызы үшін бұғатталып тұр. Бұл мәселе фермерлердің қаржылық жағдайына кері әсерін тигізуде, сол себептен бірлескен жауапкершілік деген талапты мүлдем алып тастауға ықпал етіңіз.

**Жетінші.** Қант қызылшасы туралы:

Былтыр Жамбыл мен Жетісу облыстары 25,2 мың га қызылша егіп, 1,3 млн. тонна өнім жинады. Алайда ол өнім толықтай өңделмей, біразы далада үйінділерде, енді бір бөлігі тіпті танаптарда жиналмай қалып, фермерлер қыруар шығынға батты.

Өйткені еліміздегі 4 қант зауытының қуаттылығы мұндай мол өнімді өңдеуге жеткіліксіз.

Әрине, әкімдіктер «қызылша толығымен жиналып, зауыттарға өткізілді» деп мәлімет береді, алайда шындығында нақты жағдай ондай емес. Мысалы, Жамбыл облысында Меркі зауытына қабылданған 600 мың тонна қызылшаның, 120 мың тонна өнімі қайта өңдеуге жарамай, әлі күнге дейін зауыттың аумағында шіріп жатыр. Сондай-ақ бүгінде сол зауытқа өткізген өнім үшін мүлдем қаражат алмаған 60-тан астам фермерлер бар.

Алынған өнімді толық өңдей алмау салдарынан облыстық әкімдіктер биыл қызылша алқабын 18,4 мың га дейін қысқартуды жоспарлап отыр. Осылайша, биліктің ойынша, проблеманы шешудің жолы – зауыттарды жөндеп, олардың

санын көбейту емес, егістік алқапты қысқарту. Сонда фермердің 6,8 мың га қызылша есебінен ала алмаған пайдасын кім өтейді? Фермерлер қызылша алқабын ұлғайтамыз деп қыруар ақшаға жаңа техника, құрал-сайман, жабдық сатып алды. Ол шығынды ненің есебінен жабады?

Келешекте еліміздің қантқа деген импортқа тәуелділігін жою үшін зауыттарда қант қамысынан емес, тек қызылшадан ғана шығарылуы тиіс. Сонда ғана қызылшаны қайта өңдеу мәселесі шешіледі және фермерлердің қызылшаны өсіруге деген ынтасы артады.

Осы мәселелерді шешу бойынша тиісті шаралар қабылдауыңызды сұраймыз.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес депутатың сауалды қарау нәтижелері және оларды іске асыру бойынша қабылданған шаралар туралы заңда белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруді сұраймыз.

**Құрметпен**

**Дайрабаев Ж.М.  
Егізбаев С.Р.  
Мәмбетов Е.Н.  
Әлішев Қ.Қ.  
Әлтай А.Д.  
Әшімбетов Н.К.  
Казанцев П.О.  
Қожаназаров А.А.  
Сұңқар И.Е.  
Кучинская Ю.В.  
Баққожаев А.А.  
Абден Қ.Ж.  
Саурықов Е.Б.  
Арсютин Н.Г.  
Зейнуллин А.Т.  
Серіков Т.Ғ.**

*исп.: Әбдіқадыр Ә.М  
тел.: 74 67 67*